| **Пәннің аты:қазақ тілі** | **Уақыты:26.04.2017** | **Кабинет:40** | **Мұғалім:Калиева А.А.** |
|---|---|---|---|
| **Сабақтың атауы** | Дыбыс және әріп | | |
| **Мақсаты** | Сабақтың мақсаты:<br>1.Дыбыс және әріп жайында алған білімдері пысықталады.У,и,й әріптерінің жазылуы жайында алған білімдері пысықталып,жаттығулар орындайды.<br>2.Оқушылардың ой-өрісі,сөздік қоры,жүйелі баяндау,көркем жазу,сауатты оқу дағдысы арттырылып,танымдық,есте сақтау қабілеттері дамытылады.<br>3. Сауаттылыққа,ұқыптылыққа  тәрбиеленеді.<br>Сабақтың көрнекілгі: оқулық,интербелсенді тақта,карточкалар<br>Сабақтың әдісі: сұрақ-жауап,түсіндіру,танымдық ойлау,талдау,топтау, СТО , рефлексия.<br>Сабақтың типі:   Білім жетілдіру. | | |
| **Психологиялық ахуал** | Кім үлкенді сыйласа,<br>Кім үлкенді тыңдаса.<br>Үлкен болған кезінде<br>Сыйлы болмақ өзі де. | | |
| **Қызығушылықты ояту** | ***Өткенді пысықтау.**<br>-Дыбыс дегеніміз не?<br>-Әріп дегеніміз не?<br>-У дыбысы қай кезде дауысты болады?<br>-У дыбысы қай кезде дауыссыз болады?<br>-И,й дыбыстары жайында білетінімізді еске түсірейік.<br>***Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.**<br>-Бүгін дыбыс және әріп жайында өткен біліміміз пысықталады,соған байланысты жаттығулар орындалады. | | |
| **Мағынаны тану** | ***Жаңа сабақ**<br>1. Кестемен жұмыс.<br>2.Электронды оқулықпен жұмыс.<br>***Оқулықпен жұмыс**<br>**487-жаттығу**.Мәтінді оқы. Мәтіннен у әрпі бар сөздерді кестеге орналастыр.<br>**488-жаттығу.**Сөздерді оқы.<br>***1.Уыстау,уақыт,уәде,суретші,уық,қырау,жуықтау,тұсау, елжіреу,умаждау.***<br>***2.Жу-жуу,су-суу,бу-буу,сау-сауу,жау-жауу,ау-ауу.***<br>Қай топтағы сөздерге у әрпін қосып мағыналы сөз жасауға болады? | | |
| **Сергіту сәті** | Қол алысып, қәне, біз,<br>Достасайық бәріміз.<br>Айтарым бар сендерге,<br>Тез тұрыңдар шеңберге.<br>Қандай жақсы бір тұру,<br>Достарменен бір жүру!<br>Қандай жақсы дос болу! | | |
| **Ой толғаныс** | **489-жаттығу.**Жұмбақты оқып, шешуін тап.Жұмбақты жатқа жаз.<br>***Тиіскенді түйреген,*** | | |

| | |
|---|---|
| | ***Киімі бар инеден.   (кірпі)***<br>И,й дыбыстары бар сөздерді тап.И мен й-дің  қайсысы дауыссыз?<br>**490-жаттығу.**Көп нүктенің орнына **и,й** әріптерінің тиістісін қойып,сөйлемдерді көшіріп жаз.<br>**491-жаттығу.**Өлеңді оқып,жатқа жаз.<br>***Биік таулар,жапан дала,***<br>***Гүл жазира,көл,теңіз.***<br>***Әдемі ғой қашанда***<br>***Біздің туған өлкеміз.***<br>***И,у*** әріптерінің астын сыз.<br>Бір-бірінің жазғандарын тексереді.<br>**492-жаттығу.**Бұл қандай сөз,қай әріп?<br>***Ожау-жау-ау*** |
| **Үйге тапсырма** | Ереже жаттау. 493-жаттығу,176-бет. |
| **Бағалау** | <u>Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау</u> |
| **Кері байланыс** |  |

**Тексерді:**